Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберінде және (немесе)
міндетті әлеуметтік
медициналық сақтандыру
жүйесінде медициналық көмек
көрсететін денсаулық сақтау
субъектілерін есепке алуды
жүргізу қағидаларына
6-1-қосымша
Нысан

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетуге үміткер денсаулық сақтау субъектісіне бару нәтижелері бойынша қорытынды

Ескерту. Қағидалар 6-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 22.11.2024 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 26.09.2025 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

29 қазан "2025" жылғы Түркістан қаласы
(орналасқан жері)

Мынандай құрамда "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КеАҚ (бұдан әрі – Қор):

1.«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Түркістан облысы бойынша филиалының Медициналық көмекті сатып алу және төлеу бөлімінің сарапшысы -Мұрсұлтанов Темірлан Бексұлтанұлы.

(Денсаулық сақтау субъектісіне барған Қор қызметкерлерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы)

2.«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Түркістан облысы бойынша филиалының медициналық көмек сапасына мониторинг жүргізу бөлімінің бас сарапшысы -Нахыпбекова Гульшат Махамматраимовна.

(Денсаулық сақтау субъектісіне барған Қор қызметкерлерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және лауазымы)

Денсаулық сақтау субъектісі берген мәліметтерді өзектендіруге немесе медициналық көмек көрсету түрлері немесе шарттары бойынша дерекқорға енгізуге арналған өтінімді (бұдан әрі – өзектендіруге арналған өтінім) қарау шеңберінде:

-«Халықтың әлеуметтік осал санаты үшін шұғыл стоматологиялық көмек (жіті ауырсыну), балалар мен жүкті әйелдерге жоспарлы

стоматологиялық көмек» *(өзектендіруге арналған өтінімге сәйкес көрсетілетін қызметтердің түрлері/нысандары немесе шарттары (лот) көрсетіледі)*

«Ырыс-Dent стоматологиясы» ЖШС

(денсаулық сақтау субъектісінің атауы көрсетіледі)

Түркістан облысы, Түркістан қаласы,Т.Нышанов көшесі, 15 Б

(өндірістік базаның (-лардың) мекенжайы көрсетіледі)
мекенжайы бойынша өндірістік базаға (-ларға) барды.

«Ырыс-Dent стоматологиясы» ЖШС МӘМС жүйесінде Шартқа сәйкес медициналық қызметтер көрсетеді.

Медицина қызметкерлерінің кадр бөлімінен алынған жеке іс құжаттары бойынша: ЖШС лицензиясы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 16 мамырдағы «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» № 202-У Заңының 24-бабының талаптарына (Рұқсатқа қосымша рұқсаттың ажырамас бөлігі болып табылады. Лицензияға қосымша лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрлерін немесе әрекеттерді (операцияларды) немесе лицензия берілген немесе берілетін обьектілерді көрсету, сондай-ақ қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) жүзеге асырудың нақты мекенжайын көрсету үшін ресімделеді) сәйкес.

«Ырыс-Dent стоматологиясы» ЖШС өзінің медициналық қызметін 09.02.2024 жылғы № 24009893 лицензиясы және оның кіші түрлерімен медициналық қызметті жүзеге асыруға арналған қосымшалары негізінде жүзеге асырады.

Санитариялық – эпидемиологиялық қорытынды 16.04.2025 жылғы № X.15.KZ43VWF00330348, 24.01.2024 жылғы X.15.KZ70VWF00136153 негізінде берілген.

Медициналық ұйымды жарақтандыру «Денсаулық сақтау ұйымдарын медициналық бұйымдармен жарақтандырудың ең төменгі стандарттарын бекіту туралы» ҚР ДСМ 2020 жылғы 29 қазандағы №167 бұйрығына сәйкес келеді.

Халықтың әлеуметтік осал санаты үшін шұғыл стоматологиялық көмек (жіті ауырсыну), балалар мен жүкті әйелдерге жоспарлы стоматологиялық көмек «Ырыс-Dent стоматологиясы» ЖШС барған кезде қызмет «Қазақстан Республикасында стоматологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы» ҚР ДСМ-нің 2023 жылғы 24 ақпандағы №31 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Стоматология қызметкерлері жеке іс құжаттары ҚР ДСМ 2020 жылғы 21 желтоқсанындағы «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, денсаулық сақтау қызметкерелі лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» №ҚР ДСМ-305/2020 бұйрығына және медициналық ұйымның қызметкерлерінің маман сертификаттары ҚР ДСМ 2020 жылғы 15

желтоқсандағы «Денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауды жүргізу, шетелдік мамандарды қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы маман сертификатының қолданысын растау қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде денсаулық сақтау саласында медициналық және (немесе) фармацевтикалық білім алған адамды денсаулық сақтау саласындағы маманды сертификаттауға жіберу шарттарын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-274/2020 бұйрығы талаптары бұзылмаған.

Қор келу нәтижелері бойынша ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ: Сәйкес келеді

р/с №	БСН/ЖСН	Денсаулық сақтау субъектісінің атауы	Осы шешімге дауыс берілді		Шешім
			Қарсы емес, дауыс	Қарсы, дауыс	Өзектендіруге арналған өтінімде көрсетілген деректерге сәйкес өндірістік базалардың, медицина қызметкерлері мен медициналық техниканың болуын, денсаулық сақтау саласындағы стандартына (стандарттарға) сәйкестігін растайды (растамайды)
1	240140017254	«Ырыс-Dent стоматологиясы» ЖШС	2	-	растайды

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Жұмыс орны	Лауазымы	Қолы	Қол қойылған күні
Мұрсұлтанов Темірлан Бексұлтанұлы.	«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Түркістан облысы бойынша филиалы	Медициналық көмекті сатып алу және төлеу бөлімінің сарапшысы		31.10.2025ж.
Нахыпбекова Гульшат Махамматраимовна	«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Түркістан облысы бойынша филиалы	медициналық көмек сапасына мониторинг жүргізу бөлімінің бас сарапшысы		31.10.2025ж.